

ҰЛЫ ТҰЛҒАДАН - ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ!

(Ақиық ақын Ілияс Жансүгіров туғанына 130 жылдығына арналады)

Майлыбаева Г.С. , Төлепбек Д.Т. 

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
e-mail: gulmirasabyr@mail.ru*

Мақалада ақиық ақын, ұлы тұлға Ілияс Жансүгіров туғанына 130 жылдығына орай, ақынның ұрпақ тәрбиелеудегі шығармалары, балаларға арналған өлең жырларын жас ұрпақ бойына сіңіруде ақын еңбектері, драматург, прозаик, фельетоншы, сатирик, журналист, аудармашы және қоғам қайраткері жайлы айтылады.

Ілияс Жансүгіров шығармаларының тәрбиелік мәні, шығармаларының жасұрпақ тәрбиелеуге бағытталған жанрларын алып қарайтын болсақ, қазақ халқының бай ауыз әдебиетіне арналып, сан салалы, көп қырлы болып келетіндігі баяндалады. Ақын шығармаларының тәрбиелік мәнін ұлттық құндылыққа толы рухани және мәдени еңбектерінің маңыздылығын, ұлтжандылықты, салт-дәстүрді қастерлеуді үйрететін өлеңдерінің мазмұнын жасұрпақ бойына сіңіру туралы айтылады. Халқымыздың асыл мұрасы, қазақ халқының рухани байлығы, халықтың ой-өрісін, даналығын меңгерту басты мақсатымыз екендігі туралы ой қозғалады.

Кілт сөздер: *Ұлы тұлға, жасұрпақ, ұлыдан ұлағат, ұлттық құндылық, балалар шығармалары*

Кіріспе

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында: «Тұлғаның шығармашылық, рухани және дене қабілеттерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтын қалыптастырудың берік негіздерін қалыптастыру, білім беру және білім беру жүйесін құру арқылы интеллектіні байыту, тұлғаның дамуы үшін жағдай жасау қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі» деп айтылған[1].

Осы ретте, ұлы тұлғадан - ұрпаққа ұлағат мәселесі қай кезде болмасынөзекті болып табылады. Біз, зерттеу жұмысымызды ақиық ақын, ұлы тұлға Ілияс Жансүгіров туғанына 130 жылдығына арнай отырып, ақынның ұрпақ тәрбиелеудегі шығармалары, балаларға арналған өлең жырларын жас ұрпақ бойына сіңіруде ақын еңбектерін насихаттаумен қатар, зерттеушілік қабілеттерін дамыту міндетіміз деп білеміз.

Қазақстан жазушылар одағының тұңғыш төрағасы, қазақтыңұлы ақыны, драматург, прозаик, фельетоншы, сатирик, журналист, аудармашы және қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіров 1894 жылы 5 мамыр күнібұрынғы Талдықорған облысы,Ақсу ауданы нөмірі 4-ші ауылындадүниеге келген.

Ілияс Жансүгіров балаларға арналған еңбектерінің тәрбиелік мәні, шығармаларының құндылығы жайында ғалымдардың зерттеу еңбектерінен көрініс тапқан. Атап айтқанда, ф.ғ.д., профессор М.М. Имангазинов, әдебиеттанушы Ш.Елеуенов ф.ғ.к, қауымдастырылған профессор Ш.А. Кыяхметова, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Д.С. Ансабаев, философия докторы PhD Г.С. Майлыбаева, жазушы С. Жәнәбіл, журналист Қ. Андас т.б ғылыми еңбектерінде ақынның шығармалары мен еңберінің құндылығы жайлы көрініс тапқан.

Материалдар мен әдістер

«Қазақ халқының ұлы тұлғалары» деген ұғымды ертедегі қазақ топырағындағы аса көрнекті тұлғаларды, түркілік орта ғасырлық ойшылдарды, қазақ хандары мен би-шешендерін, батырларын, ақын-жыраулары мен сөз құдыретін терең сезінген ақын

жазушыларын, өнер, қоғам қайраткерлерін, сондай-ақ, көрнекті ғалымдары мен ғалым педагогтарын айтуға болады. Осы ретте, ақиық ақын, жыр дүлдүлі Ілияс Жансүгіровтің ұлы тұлғалар қатарында болуы, ол ұрпаққа ұлағат болмақ. Өйткені ақын шығармаларының әрқайсысы тұнып тұрған құндылық.

Ілияс Жансүгіровтың шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы. Поэзия, проза, драма саласына арналған. Шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы өмір шындығы, тарихи оқиғалар арқау болған.

Ілияс Жансүгіров шығармаларының бастау алар арнасы – жасұрпақ тәрбиелеуге бағытталған жанрларын алып қарайтын болсақ, қазақ халқының бай ауыз әдебиетіне арналып, сан салалы, көп қырлы болып келеді. Осыған орай, Ілияс Жансүгіровтің туғанына 130 жыл мерей тойына 2024 жылдың сәуір айында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде ғылыми-танымдық апталық ұйымдастырылды. Ғылыми-танымдық апталық аясында «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы, қашықтықтан оқыту бөлімі студенттерімен ұлы тұлға ескерткішіне тағзым жасалып, ашық сабақ жүргізілді. Ашық сабақ барысында болашақ маман иелерімен ақын шығармалары мазмұны бойынша сахналық көрініс көрсетіліп, шығармаларын тәжірибеде қолдануда заманауи әдіс-тәсілдер негізінде оқып талдау жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар ақиық ақынның мерейлі тойына орай 2024 жылдың мамыр айында Талдықорған қаласы №14 орта мектеп 2-сынып оқушыларымен «Жыр дүлдүлі – ұлы тұлға» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Жоғарыда өткізілген тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар Ілияс Жансүгіровтың балаларға арналған шығармаларымен таныстырылу барысында болды. Шығармалар бағыттарын төмендегі кестеден көре аламыз (кесте 1).

Кесте 1 – Ілияс Жансүгіровтың балаларға арналған шығармалары бағыттары

Өлеңдері		Поэмалары	Пьесалары	Шығармалар жинағы	Лирикалық өлеңдері
Жан-жануар және табиғатқа арналған Сарыарқа Байшұбар Бұлт Жанартау Жазғы таң Жазғытұрым Жазғы шілде Көктемде Күз Қыс Мезгіл суреттері Бұлақ бойында Жаратылыс құбылыстары	Балаларға арналған тілек өлеңдері Бір соқыр баланың арманы Жыбырлақ Анам тілі Атадан да балаға ана жақын Жастар ұраны Қуыршақ Оқимын	Күй Күйші Құлагер Дала	Мектеп Исатай - Махамбет	Сағанақ Балаларға тарту Балаларға базарлық Малта Шәукеннің шәркейі Жұмбақ Одақ Жұмбақтар жинағы Өтірік өлеңдер	Әнші апама Күзгі гүлге Тілек Бөбек бөлеу Қазақ үйдің тұрмысы

Негізгі бөлім

«Қазақ халқының ұлы тұлғалары» деген ұғымды ертедегі қазақ топырағындағы аса көрнекті тұлғаларды, түркілік орта ғасырлық ойшылдарды, қазақ хандары мен би-шешендерін, батырларын, ақын-жыраулары мен сөз құдыретін терең сезінген ақын жазушыларын, өнер, қоғам қайраткерлерін, сондай-ақ, көрнекті ғалымдары мен ғалым педагогтарын айтуға болады. Осы ретте, ақиық ақын, жыр дүлдүлі Ілияс Жансүгіровтің ұлы

тұлғалар қатарында болуы, ол ұрпаққа ұлағат болмақ. Өйткені, ақын шығармаларының әрқайсысы тұнып тұрған құндылық. Яғни, ақын шығармаларын бастауыш сынып оқу-тәрбие үдерісінде, отбасы, ошақ қасында оқып, оқушы жадына сақтау үшін жан-жақты ізденіс жұмысына баулу біздің міндеміз.

Ілияс Жансүгіровтың шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы. Поэзия, проза, драма саласына арналған. Шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы өмір шындығы, тарихи оқиғалар арқау болған. Ақын балалық шағынан бастап, ауыз әдебиеті үлгілері түрлерін тыңдап өскен. Анасынан ерте қалған Ілияс Жансүгіров әкесінің және өкіл әкесі қобызшы Мольқбай атаның ұлағатты өсиеттерін тыңдап өсті. Осы жерде біздің байқағанымыз, ата-ана мен мектеп педагогтері бірлескен әрекеттестікте жас ұрпаққа жастайынан ақынның балаларға арналған шығармаларын оқытып, таныстырып отырсақ өнегелі тұлға болып қалыптасуына әсер ететініміз айғақ.

Нәтижелер мен талқылаулар

«Ұлы тұлғадан - ұрпаққа ұлағат» тақырыбында дайындалған мақаланың мақсаты жас ұрпақты Ілияс Жансүгіровтің шығармаларымен, халқымыздың ауыздан ауызға беріліп келе жатқан баға жетпес рухани мол мұрасы, даналық дариясын жас ұрпақ бойына сіңіру болып табылады. Осы негізде, Ілияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығын зерттеуде ф.ғ.д., профессор М. Имангазиновтің зерттеу жұмыстары орасан зор. [2]

Аса көрнекті әдебиеттанушы Ш. Елеуеновтің «Туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ», - деген мағыналы ойы жақсы тұжырымдалған [3, б. 12]

П.ғ.к., қауымдастырылған профессор Д.С. Ансабаевтың «І. Жансүгіровтың балаларға арналған шығармаларындағы ұлттық құндылықтар» тақырыбындағы мақаласы ақынның жыл мезгілдеріне арналып жазған шығармалары жайлы баяндаған [4, б. 7].

Ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ш.А. Кыяхметованың «Ілияс Жансүгіровтің фольклорлық мұраларын жинаудағы ерекшелігі және зерттеушілік қыры» деп аталатын мақаласында ақын шығармаларының жанрлары туралы сөзге тиек еткен. Соның ішінде ол ауыз әдебиеті үлгілерінің жанрлары: өтірік өлеңдер, айтыстар, мысалдар, толғау, арнау, тілек өлеңдер, батырлар жыры, жаңылтпаштар, жұмбақтар, қазақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы өлеңдер, мақал-мәтелдер мен әңгімелер туралы айтты [5, б. 51].

Жазушы С. Жәнәбілдің «Алтын жүзік» деп аталатын кітабында Ілияс Жансүгіровтің балалық шағы, туған жері, өскен елі туралы, отбасының бала тәрбесіндегі үлгі тұтар ұлағаты туралы әңгімелеп, көз алдына ақынның дүниеге келген күннен, мектеп қабырғасынан білім алып, ақындық жолы, өлең-жырлары туралы баяндаған [6].

Ғалым Г.С. Майлыбаева Ілияс Жансүгіровтің балаларға арналған өлеңдерін талдай отырып, «Өлеңмен бөбек бөлеген» деп аталатын мақаласында ақынның жыл мезгілдеріне арнап жазған өлеңдерінің тәрбиелік маңызы зор және балалар қабылдауында тілі жеңіл екендігін ашып көрсеткен [7, б. 97].

Біз мақала дайындау барысында ақын шығармаларын жан-жақты зерделеп, жоғарыда зерттеу жұмысын жүргізген ғалымдар еңбегіне талдау жасаумен қатар, әр оқу жылында тәрбиелік мәні бар іс-шаралар жүргізілді. Соның ішінде Ілияс Жансүгіровтің туғанына 130 жыл мерей тойына орай 2024 жылдың сәуір, мамыр айларында ұйымдастырылған ғылыми-танымдық ашық сабақтар, ақын шығармашылығына арналған кітаптар көрмесі, тәрбиелік іс-шаралар нәтижелерін ұсынуды жөн көрдік.

Басты мақсатымыз ақын шығармалары мен өлеңдерін жас ұрпақ бойына сіңіріп, ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру болып табылады.

«Ұлылардың шығармаларын насихаттау, баршаға ортақ міндеттің бірі деп санаймыз. Өйткені, өскелең ұрпақ аға буыннан үлгі алып, бойына рухани құндылықты сіңіріп өседі.

Осы тұста, біз авторлық ойымызды былайша тұжырымдаймыз: «Ілияс Жансүгіров – қазақ халқы үшін аянбай еңбек етіп, жас ұрпақ тәрбиесіне арналған өлең-

жырлар мен құнды еңбектерін қалдырған ұлы тұлға. Ұлы тұлғаның есімін ұлықтау біздің міндетіміз болмақ!»!

Олай болса, ұлы тұлға есімін ұлықтау жұмыстары І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламалары студенттері және магистранттарымен 2024 жылдың сәуір-мамыр айларында ғылыми-танымдық, дүниетанымдық оқу-әдістемелік сабақтар негізінде апталықтар жүргізілді.

2024 жылдың сәуір айында «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы 2 курс студенттерімен ақынның «Мектеп» пьесасы қуыршақ театры арқылы сомдалып, Талдықорған қаласы №42 балабақша мектепке даярлық тобы балаларына көрсетілсе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері, яғни «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы студенттерімен ғылыми-танымдық апталық ұйымдастырылды. Апталық соңында болашақ маман иелеріне Педагогика және психология жоғары мектебі АР08856314 «Формирование готовности педагогов к дистанционному обучению учащихся» тақырыбындағы жоба аясында дайындаған «Психолого-педагогическое сопровождение подготовки будущих педагогов к дистанционному обучению учащихся» атты оқу құралы табысталды.

Біз, осы ретте Ілияс Жансүгіровтің туғанына 130 жыл мерей тойына орай 2024 жылдың сәуір айында ұйымдастырылған ғылыми-танымдық апталық барысында ескерткішіне тағзым жасалу барысы төмендегі сурет-1-де беріледі.



Сурет 1 – Ұлы тұлға ескерткішіне тағзым!

Ғылыми-танымдық апталық аясында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Ғали Орманов атындағы кітапханасында «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы студенттерімен жүргізілген ашық сабақ барысында ақынның шығармашылығына арналған кітаптар көрмесі, ақынның дүние есігін ашқан сәтінен бастап, балалық шағынан көрініс көрсету барысы келесі 2-4 суреттерде беріледі.



Сурет 2 – Ақынның дүние есігін ашқан сәті және балалық шағынан сахналық көрініс.



Сурет 3 – Ғылыми-танымдық апталық аясында студенттермен жүргізілген ашық сабақ барысы



Сурет 4 – «Психолого-педагогическое сопровождение подготовки будущих педагогов к дистанционному обучению учащихся» атты оқу құралы табысталды.

Жүргізілген ашық сабақ барысымен толығырақ осы сілтемелерге өту арқылы таныса аласыздар.

https://youtu.be/VEhKJvFAuco?si=Jjae7W_6V9rBApWz

<https://youtu.be/uxs3fuj4myk?si=JpwVJI3AF5oLA-Mo>

2024 жылдың мамыр айында дүниетанымдық оқу-әдістемелік апталық Талдықорған қаласы №14 орта мектеп 2-сынып оқушыларымен жүргізілді. Дүниетанымдық оқу-әдістемелік апталық барысында «Жыр дүлділі – ұлы тұлға» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізіліп, Ілияс Жансүгіровтің мұражайына танымжорық ұйымдастырылды.

Ашық тәрбие сағаты барысында оқушылар ақын өмірбаяны және шығармаларымен танысып «Құлагер», «Домбыра», «Әнші» деп аталатын топтар арасында жарыс жүргізілді.

Кесте 2 – «Жыр дүлділі – ұлы тұлға» дүниетанымдық ашық тәрбие сағаты жоспары

Тақырыбы:	Жыр дүлділі - ұлы тұлға Ілияс Жансүгіров 130 жыл мерей тойына арналады
2 сынып	26 оқушы
Мақсаты	І. Жансүгіровтың 130 жылдығына орай бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылық негізінде ақын өмірі мен шығармашылығын насихаттау.
Ресімдеу	Слайд, презентация
Музыкалық және бейне көркемдеу	Интерактивті тақта, слайд, суреттер, 1 ән, 1 би
Үлестіргемелі материалдар	Эмблемалар, тәттілер, мәтін жазылған парақшалар
Дайындыққа арналған әдебиет	Видео, әңгімелер

Дүниетанымдық ашық тәрбие сағаты барысы			
Кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Ресурстар
Дүниетанымдық ашық тәрбие сағаты басы (15 минут)	<p>Мұғалім сурет қиындылары (эмблема) арқылы 3 топқа бөледі(әр топта 8 оқушыдан). Құлагер, Домбыра, Өнші топтарына. 2 оқушы ән айтып, би билейді.</p> <p>Әр топқа І. Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығы жайында мәтіндер беріледі. Оқушылар мазмұнымен танысады, өзара талқылайды.</p> <p>1.«Құлагер» тобына – ақынның балалық шағы. Ілияс Жансүгіров 1894 жылы 5 мамырда Алматы облысы Ақсу ауданында дүниеге келген. ол әке тәрбиесін көріп өсті. бала кезінде «сөзге үйірлеу, құйма құлақтау» болған. Қонақ айтқан әңгіме, балалар айтқан жұмбақ, қыз-жігіт айтысқан кара өлеңдер, ақынның ең ұнатып тыңдаған нәрселері. Хат білген соң, өлең, кітап оқығыш болған. Қыз Жібек, хиссаларды қызығып оқыған. Оқығанда, тыңдамайтын жан болмайтын. Кейін аймақтың ауыл бозбаласының өлеңшісі болған. Домбыра шертіп, жыр оқып, үлкен қариялардан бата алған.</p> <p>2. «Домбыра» - І.Жансүгіровтың алған білімі. Білімге құштар жас Ілияс 1920 жылы Ташкент қаласындағы оқытушылар даярлайтын қазақ-қырғыз институтының екі жылдық курсына түседі. Осы уақыт аралығынжа «Ақ жол» газетінде корректор болып жұмыс істеген. 1921 жылдың жазында қолына «институт мұғалімі» деген бір жапырақ қағазды алып, ауылына қайтады. Осы жылдың күзінде Талдықорған уезіндегі Белтоған ауылдық мектебіне мұғалім болып орналасады. 1925 жылы Ілияс Жансүгіров Мәскеудегі журналистика институтына оқуға түседі.</p> <p>3.«Өнші» тобына – І. Жансүгіровтың шығармашылығы.</p>	<p>Мәтінмен жұмыс, ән айтылып біткенше оқушылар мәтінмен танысып болады. Кейін әр топтан бір бала қысқаша мәтіннен түсінгенін айтады. Соңында видео көреді.</p>	Мәтін, видео, тәттілер арқылы бағалау

	<p>Қолынан қаламын бір сәт тастамаған Ілияс қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырды. Абайдың алғаш баспа бетін көрген кітабын қолға түсіріп, күндіз-түні қолынан тастамаған. І. Жансүгіровтың шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы. Поэзия, проза, драма саласында өнімді еңбектенді. Шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы өмір шындығы, тарихи оқиғалар арқау болған.</p> <p>1 ән (1-2 минут) «Қазақстан». І.Жансүгіров жайлы қысқаша видео (2 минут). https://youtu.be/kFNqwe-yZT4</p>		
<p>Ғылыми-тәлімдік сабақтың ортасы (15-20 минут)</p>	<p>Әр топтан 3 оқушы поэма, өлеңінен үзінді айтады.</p> <p>1. «Құлагер» тобы</p> <p><i>1-ші оқушы</i> Салғанда шалқып, шырқап әр түрлі энге, Осы шал ұқтырғандай көп әңгіме. Жетісу, Ертіс, Арқа жүген жаттап, Байбайлап салған әнін «Құлагерге».</p> <p><i>2-ші оқушы</i> Жақсының жақсылығын жан айтады, Сондықтан «Құлагерді» бәрі айтады. Егіліп әндеріне, сөзін тыңдап, Ерінді ел қиялы дардайтады.</p> <p><i>3-ші оқушы</i> Қазақта Құлагерді көп айтады, «Серінің серігі еді», - деп айтады. «Ат сыры иесіне мәлім» деп жұрт, Тегінде мал көрмесе, неге айтады.</p> <p>2. «Домбыра» тобы</p> <p><i>1-ші оқушы</i> Тарт күйінді, домбыра! Төгіл, төгіл тәтгі күй, Тау суындай сылдыра, Желпін, желпін жел соқтыр! Тауда тұман тұрмасын, Көкте бұлт ыдыра! Тыңдамаған қоймасын, Ойды-қырды қыдыра.</p> <p><i>2-ші оқушы</i> Құлшына тарт, домбыра! Екі желі, үш қазық, Тоғыз нокта домбыра, Ойнатайын он саусақ, Құлындайын құлдыра.</p> <p><i>3-ші оқушы</i> Бозда-бозда бота күй, Қашағанды қудыра, Құлшына тарт, домбыра!</p>	<p>Оқушылар өлеңдерін айтып шығады.</p>	<p>Шоколадтар</p>

	<p>Еңбек елдің күйшісі-ау, Құлағымды қиқулат, Көңілімді қандыра, Тәтті-тәтті күйге тарт Көргеніңді күй қыла.</p> <p>3. «Әнші» тобы <i>1-ші оқушы</i> Арғынмын, атым Әсет арындаған, Арындап ән сала ма дарымаған? Аспанның аясында ән шалқытқан, Бұлбұлмын, даусы көкте дамылдаған. <i>2-ші оқушы</i> Көмекей көк қапысын әнмен ашса, Төгіліп меруерт, маржан сауылдаған. Тұлпармын, топтан озған, тосырқаман, Шаршы топ, шаршы өрім жоқ шабылмаған. <i>3-ші оқушы</i> Жорғамын, жұрттан озған, жортарманмын, Майдамын, майда желіс мамырлаған. Жұртымның аса топыр жиынында Бүгінгі ән адыра қалсын салынбаған!..</p> <p>1 би (1-2 минут) « Қазақ биі».</p>		
<p>Дүниетанымдық ашық тәрбие сағаты соңы</p>	<p>Сабақты қорытындылау мақсатында ойын түрінде балалар сұраққа жауап береді. Ой толғау, миға шабуыл әдістерін пайдалану.</p> <p>https://wordwall.net/resource/70844924</p> <p>Сабаққа берсенді қатысқандары үшін алғыс хат табысталып, сабақты қорытындылау ақынның өлең жолдарымен аяқталады. Қорытындылау</p>	<p>Әр топтан төрт бала кезек кезек карточкалар тандап сұраққа жауап береді</p>	<p>Интерактивті тақта, ойын, шоколадтар</p>

Егер <https://wordwall.net/resource/70844924> осы сілтеме арқылы өтсеңіздер, сабақта көрсетілетін ойын мен видеоны көре аласыздар.

Дүниетанымдық оқу-әдістемелік апталық жұмыстары барысы келесі реттегі 5-6 суреттерде беріледі.



Сурет 5 – «Жыр дүлдiлi – ұлы тұлға» дүниетанымдық ашық тәрбие сағаты барысы

Талдықорған қаласы №14 орта мектеп 2-сынып оқушыларымен жүргізілген дүниетанымдық оқу-әдістемелік апталық жұмысы Талдықорған қаласында орналасқан Ілияс Жансүгіров өмірі мен шығармаларына арналған әдеби-мемориалдық мұражайына танымжорыққа барумен жалғасты. Танымжорық барысында бастауыш сынып оқушыларымен Ілияс Жансүгіров әдеби-мемориалдық мұражайына ашылуына 40 жыл толуына орай, мұражай қызметкерлерімен ақынның балалық шағына саяхат жасау мақсатында видео фильм көрсетіліп, мұражайдың әр бөлмесінде орналасқан ақынның кітаптары, шығармалары, ұстаған бұйымдары жайлы т.б. ақпараттармен таныстыру жұмыстарын жүргізіліп, бастауыш сынып оқушылары ақын шығармаларынан үзінді оқыды.

Танымжорық барысында Ілияс Жансүгіров әдеби-мемориалдық мұражайына Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті ғалымдарының авторлық бірлестігінде дайындалған оқу құралы сыйға табысталды.



Сурет 6 – Ілияс Жансүгіров әдеби-мемориалдық мұражайына танымжорық барысы.

Танымжорықтың жүргізілу барысы жайында толық ақпаратты келесі сілтемеден көре аласыз. <https://youtube.com/shorts/bn9DugED5oI?si=6ihbOVNomzz5mQdF>

Қорытынды

Қорыта келе, ақиық ақын, қазақ поэзиясының «Кұлагері», балалар әдебиетінің негізін қалаушы Ілияс Жансүгіровтің шығармалары, ауыз әдебиеті үлгілеріне негізделген балаларға арналған шығармалары қоршаған ортаны тануға, жылдың төрт мезгілі туралы өлеңдері тұрмыс-тіршілікпен байланыстыра алуға, табиғаттың қыр-сырын ажырата білуге баулитын тәрбиелік мәні зортуындылары қоғамда әлеуметтік ортаға бейімдеуге, тұлға болып қалыптасуына арналған.

Жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықты қалыптастыруда, тұлға дүниетанымының нығайуына арналған өлеңдері балалардың өмірді тани білуге, өлеңдерін жатқа айту, мәнерлеп оқу, пікір-сайыс, логикалық сұрақтарға жауап беруде бойындағы патриоттық сезімді оятады. Сондықтан «Ұлы тұлғадан - ұрпаққа ұлағат» болары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабы, 2020 жыл өзгертулер және толықтыруларымен.
2. Ілияс Жансүгіров. Өмірі мен шығармашылығы [Мәтін]: оқу құралы: көп томдық шығармалар жинағы / М. Имангазин; [ред. алқасы: М. Әуезов [ж.б.]; ҚР Білім және ғылым министрлігі; І. Жансүгіров атын. Жетісу мем. ун-ті ; «Ілиястану» ғыл.-практ. орталығы] .- Алматы: Кітап, 2019.
3. Ш.Елеуқенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 2017 ж.
4. Аңсабаев Д.С., Рахимбек М.З., Қасқарбек А.А. «Ілияс Жансүгіров шығармаларындағы өнер тақырыбы» І. Жансүгіровтің 125 жылдық мерейтойына арналған«Жансүгіров тағылымы»республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары,24 сәуір 2019ж
5. Қыяхметова, Ш. А. Ілияс Жансүгіров – қазақ әдебиетін зерттеуші / Ш.А.Қыяхметова. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2019. – № 39 (277). – С. 285-287. – URL: <https://moluch.ru/archive/277/62654/>
6. Жәнәбіл С. «Алтын жүзік». Алматы. 2000ж
7. Майлыбаева Г.С. Өлеңмен бөбек бөлеген. І. Жансүгіровтің 100 жылдығына арналған профессорлық оқытушылар құрамының ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 168 б. Талдықорған.1995
8. https://youtu.be/VEhKJvFAuco?si=Jjae7W_6V9rBApWz
9. <https://youtu.be/uxs3fuj4myk?si=JpwVJI3AF5oLA-Mo>
10. <https://wordwall.net/resource/70844924>
11. <https://youtube.com/shorts/bn9DugED5oI?si=6ihbOVNomzz5mQdF>

REFERENCES:

1. Qazaqstan Respublikasynyñ «Bilim turaly» Zañynyñ 8-baby, 2020 jyl özgeretuler jäne tolyqtyrularymen..
2. Ilias Jansügirov. Ömiri men şyğarmasylyğy [Mätin]: oqu qūraly: köp tomdyq şyğarmalar jinağy / M. İmangazinov; [red. alqasy: M. Äuezov [j.b.]; QR Bilim jäne ğylym ministrlyğı; I. Jansügirov atyn. Jetisu mem. un-tı ; «Iliastanu» ğyl.-prakt. ortalyğy] .- Almaty: Kıtap, 2019.
3. Ş.Eleukenov, Zamandas parasaty. Ädebi syn. Almaty: Sanat, 1977 j.
4. Añsabaev D.S., Rahimbek M.Z., Qasqarbek A.A. «Ilias Jansügirov şyğarmalaryndağy öner taqyryby» I. Jansügirovtiñ 125 jyldyq mereitoiyna arnalğan«Jansügirov tağylymy»respublikalyq ğylymi-täjiribelik konferensia materialdary,24 säuir 2019j
5. Kyiahmetova, Ş. A. Ilias Jansügirov – qazaq ädebietin zertteuşi / Ş.A. Kyiahmetova. – Teks : neposredstvennyi // Molodoi uchenyi. – 2019. – № 39 (277). – S. 285-287. – URL: <https://moluch.ru/archive/277/62654/>
6. Jänäbıl S. «Altyn jüzık». Almaty. 2000j
7. Mailybaeva G.S. Öleñmen böbek bölegen. I. Jansügirovtiñ 100 jyldyğyna arnalğan profesorlyq oqytuşylar qūramynyñ ğylymi-täjiribelik konferensia materialdary. 168 b. Taldyqorğan.1995
8. https://youtu.be/VEhKJvFAuco?si=Jjae7W_6V9rBApWz
9. <https://youtu.be/uxs3fuj4myk?si=JpwVJI3AF5oLA-Mo>
10. <https://wordwall.net/resource/70844924>
11. <https://youtube.com/shorts/bn9DugED5oI?si=6ihbOVNomzz5mQdF>

ОТ ВЕЛИКОЙ ЛИЧНОСТИ К ПОКОЛЕНИЮ!*(Посвящается 130-летию со дня рождения поэта Ильяса Жансугурова)**Майлыбаева Г.С., Төлепбек Д.Т.**Жетысуский университет им. И. Жансугурова,**Республика Казахстан, г. Талдықорган.**e-mail: gulmirasabyr@mail.ru*

В статье, посвященной 130-летию со дня рождения поэта, великого деятеля Ильяса Жансугурова, прозвучат произведения поэта в воспитании поколений, произведения поэта, драматурга, прозаика, фельетониста, сатирика, журналиста, переводчика и общественного деятеля.

Воспитательное значение произведений Ильяса Жансугурова, если взять жанры его произведений, направленные на воспитание нравственности, говорит о том, что произведения казахского народа посвящены богатой устной литературе, многогранны, многогранны. Воспитательная ценность произведений поэта заключается в том, чтобы впитать в себя содержание его стихотворений, которые учат его нравственности, национальности, обычаям и традициям, духовным и культурным трудам, наполненным национальной ценностью. В центре внимания – благородное наследие нашего народа, духовное богатство казахского народа, его главная цель – овладение умом, мудростью народа.

Ключевые слова: *великая личность, жасұрпак, ұлыдан ұлағат, национальная ценность, детские произведения.*

FROM THE GREAT PERSON TO THE GENERATION!*(Dedicated to the 130th anniversary of the birth of the famous poet Ilyas Zhansugirov)**Mailybaeva G.S, Tolepbek D.T.**Zhetysu University named after I. Zhansugutov, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan**e-mail: gulmirasabyr@mail.ru*

The article is dedicated to the 130th anniversary of the birth of the great poet Ilyas Zhansugurov, it tells about the works of the poet in the education of the generation, the works of the poet in the assimilation of children's poems by the younger generation, a playwright, prose writer, feuilletonist, satirist, journalist, translator and public figure. If we consider the educational value of Ilyas Zhansugurov's works, the main channel of his works – genres aimed at educating zhasurpak It is dedicated to the rich oral literature of the Kazakh people, which is multifaceted. It is said that the educational value of the poet's works, the importance of his spiritual and cultural works full of national value, the content of his poems, which teach patriotism and respect for traditions, are discussed in the younger generation. We are thinking about the precious heritage of our people, the spiritual wealth of the Kazakh people, and the fact that our main goal is to master the mindset and wisdom of the people

Key words: *great personality, youth generation, legacy of the great, national value, children's works.*